

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 04 ХАТТАМА

24 қаңтар 2025 жыл

Оқу-әдістемелік кеңес

ОӘК төрайымы: Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты Әбдірахман Г. Б.

Хатшы: Оқу-әдістемелік бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Машимбаева А. Ж.

Қатысқандар: ОӘК мүшесі 30 адам (тізім хаттамаға қоса тіркелді).

Қатыспағандар: 3 адам (Бегембетова Г. З. – денсаулығына байланысты).

Күн тәртібінде:

1. Таңдау пәндері каталогын бекіту (*Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру қызметінің басшысы Ертаева Н.А.*);
2. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Республикалық студенттік олимпиадасы мен Кіші олимпиаданың өту кестесін, талаптарын комиссия құрамын бекіту туралы (*Кафедра меңгерушілері*);
3. Тілдік пәндер бойынша ЖОО аралық пәндік олимпиаданың уақыты мен талаптарын бекіту (*«ӘГП» кафедрасының меңгерушісі*);
4. 2024-2025 оқу жылының І-жарты жылдығындағы оқытушы-профессорлық құрамының ашық сабақтары мен өзара сабақтарына қатысудың нәтижесі туралы (*Кафедра меңгерушілері*);
5. 3, 4 курс студенттерінің педагогикалық практикадан өтуі туралы есебі туралы (*Оқу-әдістемелік бөлім басшысы А.Ж. Машимбаева*);
6. Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (*Декандар*):
 - 1) С. Жанпейісова, Э. Қарабалина «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі (шығармашылығы, шәкірттері, естеліктер және авторлық әндері). Жинақ. – 259 б. Қазақ тілінде.
 - 2) Б.Баяхунов «Жеке алытқа арналған шығармалар». Жинақ. Құрастырушы-редактор: Н.Е.Сагимбаев. Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде. – 40 бет.
 - 3) Қазақстан композиторларының заманауи фортепианолық шығармалары. Жинақ. Құрастырушылар: Койлыбаева М.Т., Булембаева М.М. – 85 бет.
7. Әртүрлі. Білім беру бағдарламаларының даму жоспарын орындау туралы (*Кафедра меңгерушілері*).

Сөйледі: Әбдірахман Г.Б. – Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты:

Қайырлы күн! Құрметті әріптестер, Кезекті мәжілісімізді бастауға рұқсат етіңіздер. Алғашқы сөз Н.А. Ертаеваға беріледі.

1.Тыңдалды: Таңдау пәндері каталогын бекіту (*Оқуды жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Н. Ертаева*)

Сөйледі: *Н.А. Ертаева – Оқуды жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы:*

Қайырлы күн құрметті Ғылыми кеңес төрайымы және Кеңес мүшелері! Сіздерге 2025-2026 оқу жылына арналған элективті пәндер каталогы бойынша кафедралар ұсынған ақпараттармен жалпы таныстыруға рұқсат етіңіздер! Элективті пәндер каталогы – таңдау пәндер тізімі. Жыл сайын консерваторияда барлық таңдау пәндер бойынша элективті пәндер каталогы (ЭПК) әзірленеді. 2025-2026 оқу жылына арналған кешендер қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 4 факультет 14 кафедрада дайындады. Мысалы:

Халық музыкасы факультеті:

бакалавриатқа 51, магистратураға 13 пән, докторантураға 4 пән ұсынды.

Оның ішінде:

1. Домбыра кафедрасы - бакалавр бойынша 13 пән (21 қаңтар 2025ж., №06 хаттама) магистратура 5 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

2. Қобыз және баян кафедрасы - бакалавр бойынша 13 пән (20 қаңтар 2025ж., №07 хаттама), магистратура бойынша 4 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

3. Халық әні кафедрасы – бакалавр бойынша 15 пән (20 қаңтар 2025ж., №05 хаттама) ұсынды, магистратура бойынша 4 пән, докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

4. Көне музыкалық аспаптар кафедрасы – бакалавр бойынша 11 пән (20 қаңтар 2025ж., №05 хаттама), докторантура бойынша 1 пән ұсынды.

Аспаптық орындаушылық факультеті:

бакалавриат бойынша 48 пән, магистратура бойынша 11 пән ұсынды.

Оның ішінде:

1. Фортепиано кафедрасы – бакалавр бойынша 13, магистратура бойынша 4 пән (18 желтоқсан 2024ж., №18 хаттама) ұсынды.

2. Ішекті аспаптар кафедрасы – бакалавр бойынша 10 пән (08 қаңтар 2025ж., №04а хаттама) ұсынды.

3. Ұрмалы және үрмелі аспаптар кафедрасы – бакалавр бойынша 10, магистратура бойынша 3 пән (18 қараша 2024ж., №03 хаттама) ұсынды.

4. Ансамбльдік өнер кафедрасы – бакалавр бойынша 15, магистратура бойынша 4 пән (10 қаңтар 2025 ж., № 07 хаттама) ұсынды.

Вокал, дирижерлау және музыкалық білім беру факультеті:

бакалавриат бойынша 26 пән, магистратура бойынша 4 пән ұсынды.

Оның ішінде:

1. Вокалдық өнер кафедрасы – бакалавриат бойынша 10 пән (21 қаңтар 2025ж., №07 хаттама), магистратура бойынша 4 пән ұсынды.

2. Дирижерлау кафедрасы - бакалавр бойынша 16 пән (21 қаңтар 2025ж., №07 хаттама) ұсынды.

Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП факультеті: бакалавриат бойынша 106 пән, магистратура бойынша 20 пән, докторантура бойынша 6 пән ұсынды.

Оның ішінде:

1. Арт-менеджмент кафедрасы – бакалавр бойынша 25, магистратура бойынша 10, докторантура бойыншы 7 пән (17 қаңтар 2025ж., №06 хаттама) ұсынды.

2. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы - бакалавр бойынша 3, магистратура бойынша 3 пән, докторантура бойынша 1 пән (25 желтоқсан 2024 ж., №05 хаттама) ұсынды.

3. Музыкатану және композиция кафедрасы:

Музыкатану мамандығы: бакалавр бойынша 33, магистратура бойынша 7, докторантура бойынша 2 пән (20 желтоқсан 2023ж., №06 хаттама) ұсынды.

Композиция мамандығы бойынша: бакалавр бойынша 29, магистратура бойынша 7, докторантура бойынша 2 пән (20 желтоқсан 2023ж., №06 хаттама) ұсынды. Музыкатану және композиция кафедрасы бакалавриат бойынша басқа мамандықтарға 41 пән, магистратура бойынша 3, докторантура бойынша 1 пән ұсынды. Элективті пәндер каталогын жинақтап баспадан шығару ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларына сәйкес келеді деп жоспарлануда. Назарларыңызға рақмет!

Сөйледі: *Әбдірахман Г.Б. – Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты:*

Студенттерге декандар міндетті түрде арнайы жиналыс жасап, таңдау пәндерін ұсыну керек. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер де студенттерге қажет. Несібелі Әбдіманаповна, сізге тапсырма беремін. Әр факультетке кесте жасап, таңдау пәндерін ұсынатын уақыт, аудитория белгілеңіздер. Сол бойынша 2024 жылдың ақпан айында декандар мен кураторлар қатысқан жиналыс өтсін. Каталог тізімі осы негізде құрастырылу қажет.

1. Қаулы: Ақпан айында студенттерге кесте арқылы таңдау пәндер тізімі ұсынылсын. Тізімді жасау И.Оқасқа жүктелсін, студенттермен жиналыс өткізу 4 факультет деканы мен кураторларына жүктелсін. Наурыз айында таңдау пәндері каталогы баспаға ұсынылсын.

Бірауыздан қабылданды.

2. Тыңдалды: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Республикалық студенттік олимпиадасы мен Кіші олимпиаданың өту кестесін, талаптарын бекіту туралы (Кафедра меңгерушілері);

Сөйледі: Әбдірахман Г.Б. – Оқу-әдістемелік кеңес төрағасы, оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты;

Құрметті кафедра меңгерушілері, биыл 2025 жылы XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиада мен музыкалық колледждер мен мектептерге арналған республикалық олимпиаданы өткізуге дайындық жұмыстарын бастап жатырмыз. Олимпиаданың өткізу уақыты, комиссия құрамы, ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілу керек. Барлық номинациялар бойынша Ережелер жаңартылып, сайтқа салыну қажет. Өнер жоғары оқу орындарына ақпараттық хат жіберілуі тиіс. Әлі Ғылым және жоғары білім министрлігінен хат келген жоқ. Хатты ақпан айында келуі тиіс. Кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары бойынша кестесі төмендегідей жасалды. Республикалық студенттік олимпиада 18 наурыз бен 18 сәуір аралығында өтеді. Кестесімен танысуларыңызды сұраймын.

1. XVII республикалық студенттік пәндік олимпиада:

№	Өткізу уақыты	Білім беру бағдарламасының және номинациялардың атауы	Өткізу орны	Жауапты тұлға
Аспаптық орындаушылық				
1	17-18 наурыз	«Ішекті-ысқылы аспаптар Классикалық гитара	Кіші зал	Эмреева А. 87014788573 stringsolympiad@gmail.com
2	19-20 наурыз	«Ұрмалы және үрмелі аспаптар»	Кіші зал	Туякова Ж. +7 999 965 3767 mussabayevna@mail.ru
3	26 наурыз	«Фортепиано»	Үлкен концерт залы	Гавриленко И. +77011894791 gavrilenko1991@bk.ru
Дәстүрлі музыкалық өнер				
4	7 сәуір	«Домбыра»	Кіші зал	Қырғызбай Б. +7 747 625 51 49 satovnaa@mail.ru
5	7 сәуір	«Фольклорлық аспаптар» (Сазсырнай, жетіген, сыбызғы) Үш ішекті аспаптар	Камералық зал	Айтуарова Н. +7 702 673 52 01, Nurai_172@mail.ru
Композиция				
6	8 сәуір	«Композиция»	Конференц зал	Горячева Т. +7 777 017 1019
Дәстүрлі музыкалық өнер				

7	8 сәуір	«Қыл қобыз»	Камералық зал	Акажан Б. +7 702 764 44 43 Akazhanb@mail.ru
		«Прима қобыз»	Кіші зал	Ахметова Зере, +7 702 569 55 79 zere.akhmetova@bk.ru
8	9 сәуір	«Баян, аккордеон»	Камералық зал	Ишбеков С. +7 702 778 73 49 mr.salauat@list.ru
9	9 сәуір	«Халық әні»	Кіші зал	Карабалина Э. +77013623035 elza.8181@mail.ru
Дирижерлеу				
10	13-15 сәуір	«Дирижерлеу»	Үлкен концерт залы	Жаулшакова С. samatova_samal@mail.ru
Вокалдық өнер				
11	14-18 сәуір	«Опералық ән»	Ғ.Жұбанова ат. Камералық зал	Тілеукабылов Т.Қ. +7 7017391500
		«Концерттік-камералық ән»		

Барлығы – 10 білім беру бағдарламасы, 15 номинация.

- Мамандандырылған мектептері мен музыкалық колледждерінің оқушылары арасындағы XVII республикалық кіші олимпиада 18 наурыз бен 18 сәуір аралығында өтеді. Өту кестесімен танысып шығуларыңызды сұраймын.

№	Өткізу уақыты	Мамандықтар мен номинациялардың атауы	Өткізу орны	Жауапты тұлға
Аспаптық орындаушылық				
1	17 наурыз	«Скрипка»	А.Жұбанов ат. Кіші зал, 210 аудитория	Сугурова З. +7 (701) 665 94 75
		«Альт»		
		«Виолончель»		
		«Контрабас»		
		Классическая гитара		
3	27 наурыз	«Фортепиано»	Е.Рахмадиев ат. Үлкен концерт залы	Гавриленко И.А. +77011894791
Дәстүрлі музыкалық өнер				
4	31 наурыз	«Баян, аккордеон»	Камералық зал	Абайұлы Абылайхан +7 705 122 3548.
		«Қыл қобыз» «Бас қобыз, альт қобыз»	200 аудитория	Қыдырмұрат Әсел +7 747 580 1933
		«Прима қобыз»	А.Жұбанов ат. Кіші зал	Нұртай Әсия +7 707 684 5474
5	1 сәуір	«Домбыра»	А.Жұбанов ат. Кіші зал	Зинор Нұрай +7 775 345 55 84,

	1 сәуір	Көне музыкалық аспаптар (Шертер, домбыра прима, домбыра бас, сазсырнай,жетіген, сыбызғы)	Камералық зал	Айтуарова Нұрай +7 702 673 52 01
6	2 сәуір	«Халық әні»	Ғ.Жұбанова ат. Кіші зал	Карабалина Э. +7 701 362 3035
		Жыршылар		
Дирижерлеу				
7	13-15 сәуір	«Дирижерлеу»	Е.Рахмадиев ат. Үлкен концерт залы	Жаулшакова С. +7 (707) 257 95 92
Композиция				
8	07 сәуір	«Композиция»	Конференц зал	Горячева Т. 7 777 017 10 19
Аспаптық орындаушылық				
9	10-11 сәуір	«Ұрмалы және үрмелі аспаптар»	А.Жұбанов ат. Кіші зал	Иманбаев А.
Музыкатану				
10	17-18 сәуір	«Музыка теориясы»	Конференц зал	Калымова Г.Д. +7 775 268 38 12
Вокалдық өнер				
11	15-18 сәуір	«Ер дауысы»	Ғ.Жұбанова ат. Камералық зал	Төлегенова Б.Т. 87073520437
		«Әйел дауысы»		

Биылғы жылы өтетін Олимпиадаға барлық номинация бойынша бағалау парақтарын міндетті түрде енгізулеріңізді сұраймын. Хаттамаға қоса тіркеледі. Жаңа талап бойынша консерваториядан басқа қай оқу орны орын алса, келесі жылы сол оқу орындары өткізеді. Жыршылар, арт-менеджмен номинацияларын биылғы жылы басқа оқу орындары өткізеді.

Барлық номинация талаптарын кафедра меңгерушілері ұсынды. Хаттамаға қоса тіркеледі. Тағы бір айта кететін жайт олимпиадаға бақса қаладан келетін қазылар мүшелеріне қаражат төленбейді. Комиссия мүшелері өз қаражатына келу керек, немесе Алматы қаласынан іздеулеріңізді сұраймын.

2. Қаулы: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Республикалық студенттік олимпиадасы мен Кіші олимпиаданың өту кестесі, талаптары бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

3. Тыңдалды: Тілдік пәндер бойынша ЖОО аралық пәндік олимпиаданың уақыты мен талаптарын бекіту («ӘГП» кафедрасының меңгерушісі);

Сөйледі: Калдаева Б.С. – философия докторы PhD, доцент (акад.):

Құрметті Оқу-әдістемелік кеңес төрайымы және Кеңес мүшелері! Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі» тақырыбындағы тіл пәндері бойынша ЖОО аралық пәндік олимпиада биыл үшінші жыл 25 сәуір 2025 ж. өтейін деп жатыр. Былтыр басқа оқу орындарынан студенттер қатысқан болатын. Биылғы қазылар алқасының құрамын төмендегідей бекітуді сұраймын:

№ 01 Қазақ тілі секциясы бойынша			
<i>Төраға:</i>			
1	Сулеева Гульжан Созакпаевна	Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (ҚР ҒЖБМ БҒСБК), «Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
<i>Комиссия мүшелері:</i>			
2	Машимбаева Айнур Жакыпалиевна	Филология ғылымдарының кандидаты, «Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (ҚР ҒЖБМ БҒСБК)	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
3	Абдыкадырова Айнур Зеренкановна	Педагогика ғылымдарының магистрі, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы	Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
<i>Хатшы:</i>			
	Тиленчиева Қарлығаш Мамырқызы	Педагогика ғылымдарының магистрі, «Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
№ 02 Орыс тілі секциясы бойынша			
<i>Төраға:</i>			
1	Джансеитова Света Саттаровна	Филология ғылымдарының докторы, «Музыкатану, арт-менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры (ҚР ҒЖБМ БҒСБК)	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
<i>Комиссия мүшелері:</i>			

2	Есетова Айнур Такеевна	Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
3	Арқабаева Гүльсәм Сейткаримовна	«Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының докторанты	Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
<i>Хатшы:</i>			
	Жаулыбай Ақгүл Жанболатқызы	Педагогика ғылымдарының магистрі, «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
№ 03 Ағылшын тілі пәні секциясы бойынша			
<i>Төраға:</i>			
1	Куркимбаева Айжан Муратовна	PhD, қауымдастырылған профессор, «Аударма және филология» факультеті «Шет тілдерінде сөйлеу практикасы» кафедрасының меңгерушісі	Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
<i>Комиссия мүшелері:</i>			
2	Абсатарова Гулсара Бектургановна	Педагогика ғылымдарының магистрі, «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
3	Утебаева Ботагөз Тлеулесовна	Педагогика ғылымдарының магистрі, «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
<i>Хатшы:</i>			
	Кадырбек Айдана	Филология ғылымдарының магистрі, «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Музыкатану, арт- менеджмент және ӘГП» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының оқытушысы	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

Олимпиада Қазақ тілі, Орыс тілі, Ағылшын тілі пәндері бойынша өтеді.
Олимпиадада екі секция жұмыс істейді:

Секция №1 – Қазақ тілі, Орыс тілі.

Секция №2 – Ағылшын тілі.

Жұмыстарды бағалау міндетті саналатын екі кезеңнен тұрады.

Қазақ тілі мен орыс тілі пәндері бойынша (Секция №1):

1 кезең – Берілген тақырыптар бойынша ауызша сөйлеу, пікірін жеткізу (тіркелгеннен кейін 15 тақырып студенттерге алдын ала қарастыру үшін жіберіледі). Қатысушылар таңдалған билеттегі тақырып бойынша сөйлеулері керек. Хабарлама ақпараты қысқа, нақты, логикалық жағынан бірізді, мазмұнды болуы шарт. Хабарламаның негізгі міндеті – берілген тақырып шеңберінен шықпай, белгілі бір ақпаратты жеткізу. Берілетін уақыт 3-4 минут.

2 кезең – «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі» тақырыбына тұсаукесер дайындап, қорғау. Жұмыстың мазмұны: музыканың адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі. Негізгі ойды, жұмыстың негізгі түйінін, идеясын жеткізу. Берілетін уақыт 5-7 минут.

Ағылшын тілі пәні бойынша (Секция №2):

1 кезең – Google test (Google Forms онлайн-сервис) арқылы тестілеу өтеді. 25 сұрақтан тұратын лексико-грамматикалық тест (қатысушыда Google аккаунт болуы міндетті) түрінде болады. Тапсырманы орындауға 30 минут беріледі.

2 кезең – «Музыка – адамзаттың әмбебап тілі» тақырыбына тұсаукесер дайындап, қорғау. Жұмыстың мазмұны: музыканың адам өміріндегі және қоғамдағы рөлі. Негізгі ойды, жұмыстың негізгі түйінін, идеясын жеткізу. Берілетін уақыт 5-7 минут.

Ана тілі ретінде (қазақ, орыс, ағылшын) саналатын ұлт өкілдері пәндік олимпиадаға жіберілмейді.

Екі турдың қорытындысы нәтижесінде әр пән бойынша I, II және III орындар тағайындалады. Жеңімпаздарға Дипломдар мен естелік сыйлықтар табысталады және барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Олимпиада Алматы қаласы бойынша барлық ЖОО-да білім алатын бакалавриат студенттері арасында өткізіледі. Қатысу үшін 2024 жылдың 12 сәуірінде өтеді. Уақыты 10.00 – 14.00 аралығы.

3. ҚАУЛЫ: Тілдік пәндер бойынша ЖОО аралық пәндік олимпиаданың уақыты мен талаптары бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

4. Тыңдалды: 2024-2025 оқу жылының I-жарты жылдығындағы оқытушы-профессорлық құрамының ашық сабақтары мен өзара сабақтарына қатысудың нәтижесі туралы (*Кафедра меңгерушілері*);

Сөйледі: *Машимбаева А. Ж. – Оқу-әдістемелік бөлім жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

2024-2025 оқу жылының I-жарты жылдығында әр кафедра бойынша ашық сабақтар мен өзара сабақтар өткізілді. Әр оқытушы оқу жүктемесіне қарай 1-2 ашық сабақтан өткізді. Пән оқытушылары өзара бір-бірлерінің сабақтарына

қатысып, сабаққа қатысу парағын толтырды. Ол кафедрада сақталады. Оқытушы-профессорлық құрамының ашық сабақтары мен өзара сабақтарына қатысу кестесі мен есептері хаттамаға қоса ұсынылады.

4. Қаулы: 2024-2025 оқу жылының І-жарты жылдығындағы оқытушы-профессорлық құрамының ашық сабақтары мен өзара сабақтарына қатысудың нәтижелері бекітілсін.

Бірауыздан қабылданды.

5. Тыңдалды: 3, 4 курс студенттерінің педагогикалық практикадан өтуі туралы есебі туралы (*Оқу-әдістемелік бөлім басшысы А.Ж. Машимбаева*);

Сөйледі: *Машимбаева А. Ж. – Оқу-әдістемелік бөлім басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент):*

2024-2025 оқу жылының І, ІІ жартыжылдығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері академиялық күнтізбе бойынша кәсіптік практиканың 4 түрін аяқтады: оқу және кіріспе практикасы, педагогикалық практикасы, өндірістік практикасы, диплом алдындағы практикасы.

Оқу және диплом алдындағы практика Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өтті.

2024-2025 оқу жылының І жартысында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының білім алушылары 27.03.2024 ж. №08 хаттамасымен бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес, 01.09.2024 – 14.12.2024 ж. аралығында «Вокалдық өнер», «Дирижерлеу», «Фортепиано», «Ішекті аспаптар», «Үрмелі және ұрмалы аспаптар», «Музыкатану және композиция», «Домбыра», «Қобыз және баян», «Халық әні», «Көне музыкалық аспаптар» мамандықтарының 3, 4 курс студенттері төменде көрсетілген кестеге сәйкес 537 білім алушы педагогикалық практикадан өтті.

№	Практика орны	Келісім шарт	Білім алушының саны
1	Құрманғазы атындағы ҚҰК	-	49
2	П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледж	№05 01.08.2023-01.08.2028 ж.	301
3	К.Байсейітов атындағы дарынды балаларға арналған РММОИ	№01 01.08.2023-01.08.2028 ж.	58
4	Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры РМҚК	№02 01.08.2023-01.08.2028 ж.	27
5	Жамбыл атындағы қазақ мемлекеттік филармониясы РМҚК	№04 01.08.2023-01.08.2028 ж.	6
6	А.Жұбанов атындағы РҚМММИ	№03 01.08.2023-01.08.2028 ж.	90
7	КМҚК «Алматы әуендері» Алматы қаласының мәдениет басқармасы	№01 01.08.2024-01.08.2029 ж.	6

Сонымен қатар, 2024 жылдың 29 тамызындағы №245 бұйрық «Академиялық демалыстан келген білім алушылардың практика базасын бекіту туралы» бойынша 3, 4 курстың келесі білім алушылары практикадан өтті.

№	Білім алушының аты-жөні	Мамандығы курсы	Практика түрі	Практика жетекшісі	Практика базасы
1	Жамбыл Алуа Қайратқызы	6B02115-Фортепиано, 2 курс	Оқу-таныстырушылық	Д.И. Миллер	Құрманғазы атындағы ҚҰК
2	Сухова Арина	6B02103-Вокалдық өнер, 3 курс	Педагогикалық практика	Т.Қ Тілеуқабылов	Құрманғазы атындағы ҚҰК
3	Снеткова Ксения	6B02103-Вокалдық өнер, 3 курс	Педагогикалық практика	Т.Қ Тілеуқабылов	Құрманғазы атындағы ҚҰК
4	Ксения Семилетова	6B02115-Фортепиано, 3 курс	Өндірістік практика	А.А.Закирова	Құрманғазы атындағы ҚҰК

Консерватория білім алушыларының практикадан өту базасы бойынша І жарты жылдықта 18 білім беру мекемесімен келісім-шарт жасалды. Атап айтқанда:

1. ЖШС «АТЦ-галерея» (01 тамыз, 2024 ж.)
2. Алматы қ. Мәдениет басқармасы «Алматы әуендері» МҚК 01 тамыз, 2024 ж. №01

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Г.Б. Әбдірахманмен 2024 жылдың 9 желтоқсанда бекітілген «Практика есебін қабылдау кестесі» құжатына сәйкес практика жетекшілері әр білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардан есеп қабылдады. Есеп беру кезінде студенттер жолдама, күнделік, есеп өткізді.

№	Білім беру бағдарламасының атауы	Курсы	Студент саны	Күні	Уақыты	Аудиториясы	Практика түрі	Практика жетекшілері
1	Домбыра	3	37	14.12.	14:30	207	Педагогикалық	Нурбаева Д.
		4	37		10:00	216		Кудайберген ова С.
2		3	20	14.12.	14:00	205		Шегебаева Н.Т.

	Қобыз және баян	3	9	14.12	15:00	201	Педагогикалық	Шұғай А.Ш. Ақажан Б.
		4	12		15:00	205		Шұғай А.Ш. Ақажан Б.
		4	22		15:00	201		
3	Вокалдық өнер	3	36	14.12.	15:30	224	Педагогикалық	Тілеуқабылов Т.
		4	43		16:30			
4	Көне музыкалық аспаптар	3	16	14.12.	15:00	219	Педагогикалық	Айдын Р.
		4	14		15:00	219		
5	Дирижерлеу	3	25	14.12.	12:30	305	Педагогикалық	Жалимбетов М.
		4	25		14:30	318		Жунусова Л.Р
6	Фортепиано	3	28	14.12.	15:00	316 А	Өндірістік	Закирова А.А.
		4	21					
		4	21		16:00	119 А	Педагогикалық	Романеко А.А.
7	Ішекті аспаптар	4	19	17.12.	10:30	313	Педагогикалық	Жусупова С. С.
		4	19		12:00	313	Өндірістік	
8	Халық әні	3	24	17.12.	11:00	100	Педагогикалық	Қаржаубаев а В.
		4	21		12:00			
9	Музыкатану	3	5	18.12.	16:00	116	Педагогикалық	Горячева Т. В.
		4	3					
10	Композиция	3	1	18.12.	16:00	116	Педагогикалық	Горячева Т. В.
		4	1					
11	Ішекті аспаптар	3	30	18.12.	10.30	313	Педагогикалық	Сугурова З.Т.
		4	20	19.12.	13:00	402	Өндірістік	Сатбаев О.
12	Үрмелі және ұрмалы аспаптар	3	21	20.12	12:00	300	Педагогикалық	Сапабеков Т.
		4	20		13:00			

Барлық келісім-шарттар консерватория сайтында «Практика» бөліміне салынды. Сонымен қатар Келісім-шарт жасау кезінде әр мекемеге баратын студенттер үшін келісім шартқа қосымша құжат жасалды.

Педагогикалық практика бойынша барлық білім беру бағдарламасының студенттері практикадан келесі жұмыс түрлерін атқарды:

- оқушымен танысу;
- оқушылармен жұмыс жасау арқылы жеке қабілетін тексеру;
- ашық сабақтар өткізу;

- оқушының қабілеттілігі мен ерекшеліктеріне қарай шығарма таңдау;
- шығармадағы ойды талдау арқылы көркемдік сипатын ашу (дауыс арқылы, астапты ойнау арқылы, дирижерлік ету арқылы);
- интонациямен жұмыс жасау;
- жетекшімен өткізілген сабақтар турасында әңгімелесіп пікір білдіру;
- қорытынды сабақта жетекші ескертулерін және кеңестерін қабылдай отырып, іске асыру жұмыстарын жүзеге асырды. Педагогикалық репертуармен жұмыс жасау, күнделікті жоспарлау, сыныптан тыс іс-шаралар да өткізілді. Концертмейстерлердің жетіспеушілігіне байланысты «Фортепиано» білім беру бағдарламасының педагогикалық практикасы өндірістік практикаға ауыстырылды.

Өндірістік практика бойынша барлық білім беру бағдарламаларының студенттері мынадай жұмыс түрлерін орындады: қысқа мерзімді жоспарларды дайындау, болашақ жас орындаушыларды оркестрмен жұмыс істеуге үйрету, ноталарды оқу қабілетін жақсарту, оркестрлік орындаушының тәжірибесін жинақтау, репертуарлық қормен танысу, сахнада мінез-құлық мәдениетін көрсету, көрермендерде шығармалар мен аспаптарды толық орындау дағдыларын қалыптастыру. Сондай-ақ, олар режиссерлердің өздері ұйымдастырған және музыкалық мекемелердегі концерттік бағдарламаларға қатысып, театрлық қойылымдарда өнер көрсетті.

Есепті қабылдау нәтижесінде практиканың есеп берген барлық білім алушыларға «Платонус» ААЖ-да толық баға қойылды. Студенттердің жалпы практика бойынша алған балдары 70-100 балды құрады. Нәтижесінде, тәжірибеден өту барысында кейбір қиындықтарға тап болды. Мысалы: практика базасын анықтау, шарт жасасу оңай болмады; кейбір оқытушылардың білім алушылармен жұмысы өте нашар жүргізілді. Білім алушылар практикаға құжаттарды дұрыс толтыра алмаған және Оқу-әдістемелік бөлімге өзі жүгінген жағдайлар да болды; жылдың соңында есепті тексеру кезінде бірнеше білім беру бағдарламалары бойынша бір топта оқитын студенттердің есептері бірдей болған жағдайлар кездеседі. Осы тұрғыдан әрбір басшыға ескертулер мен түсініктемелер берілді.

Практиканы өткізу бойынша ұсынымдар:

- практика жетекшілері студенттермен тығыз жұмыс істеуі тиіс;
- консерваторияның сайтымен, атап айтқанда «Практика» бөлімімен (тәжірибе туралы ереже, күнделікті және есепті толтыру) танысу туралы студенттермен қосымша әңгімелесу жүргізу.

5. ҚАУЛЫ: 2024-2025 оқу жылының I жартыжылдығына арналған практика есебі қабылдансын. Аталған кемшіліктерді түзету кафедра меңгерушілері арқылы практика жетекшілеріне тапсырылсын.

6. Тыңдалды: Оқытушы-профессорлық құрамның оқу-әдістемелік басылымдарын жариялауға ұсыныс беру туралы (Декандар):

1) *С. Жанпейісова, Э. Қарабалина «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі (шығармашылығы, шәкірттері, естеліктер және авторлық әндері). Жинақ. – 259 б. Қазақ тілінде.*

6.1 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының 3 курс докторанты М.Булембаева мен (PhD) докторы «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті М.Т.Қойлыбаеваның «Қазақстан композиторларының заманауи фортепианолық шығармалары» жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бекенова А.С. – «Аспаптық орындаушылық» кафедрасының меңгерушісі, доцент:

«Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының 3 курс докторанты М.Булембаева мен (PhD) докторы «музыкатану және композиция» кафедрасының доценті М.Т.Қойлыбаеваның құрастыруымен дайындалған «Қазақстан композиторларының заманауи фортепианолық шығармалары» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№04 хаттама, 22 қаңтар 2025 ж.), «Арнайы фортепиано» кафедрасының мәжілісімен (№ 05 хаттама, 10 қаңтар 2025 ж.) сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің «Арнайы фортепиано» кафедрасының профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Г.Узенбаеваның, Қазақ ұлттық өнер университеті РММ «Фортепиано және орган» кафедрасының профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Н.Т. Измаиловтың, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымдарының магистрі, аға оқытушы И.Гавриленконың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

6.1 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының 3 курс докторанты М.Булембаева мен (PhD) «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, PhD М.Т.Қойлыбаеваның «Қазақстан композиторларының заманауи фортепиано» шығармалары жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

6.2 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Н.Е.Сағымбаевтың «Бакир Баяхуновтың жеке алытқа арналған шығармалар» жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Бекенова. А.С – *«Аспаптық орындаушылық» кафедрасының меңгерушісі, доцент:*

«Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Н.Е.Сағымбаевтың «Бакир Баяхуновтың жеке алытқа арналған шығармалар» жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№04 хаттама, 22 қаңтар 2025 ж.), «Ішекті аспаптар» кафедрасының мәжілісімен (№03 хаттама, 06 қараша 2024 ж.), сонымен қатар, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты (PhD) Т. У. Оспанованың, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Ішекті аспаптар» кафедрасының профессоры «Қазақстан камератасы» мемлекеттік классикалық музыкасы ансамблінің көркемдік жетекшісі Г.К. Мурзабекованың, К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық мамандарылған музыка мектеп интернатының скрипка және алыт бөлімінің оқытушысы, ҚР Білім беру үздігі К.Х.Мулдағалиеваның пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

6.2 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Н.Е.Сағымбаевтың «Бакир Баяхуновтың жеке алытқа арналған шығармалар» жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.

6.3 ТЫҢДАЛДЫ:

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры С.Жанпейісова мен аға оқытушысы Э.Қарабалинаның «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі» атты шығармашылығы, шәкірттері, естеліктер мен авторлық әндер жинағын баспаға ұсыну туралы.

СӨЙЛЕДІ:

Ғабдрахимова Ғ.А. – *«Халық музыкасы» факультетінің деканы:*

«Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры С.Жанпейісова мен аға оқытушысы Э.Қарабалинаның құрастыруымен дайындалған «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі» атты

шығармашылығы, шәкірттері, естеліктер мен авторлық әндер жинағын баспаға ұсыну туралы оң пікір білдірді.

Аталған жинақ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультетінің Әдістемелік кеңесінің мәжілісімен (№02 хаттама, 15 қараша 2024 ж.), «Халық әні» кафедрасының мәжілісімен (№05 хаттама, 29 қазан 2024 ж.), сонымен қатар, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Н.Джампейсованың, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық музыкасы» факультеті «Домбыра» кафедрасының профессоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері К.С.Сахарбаеваның, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Музыкатану және композиция» факультетінің «Музыкатану және композиция, арт- менеджмент және әлеуметтік гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы С.Еламанованың пікірлері арқылы баспаға ұсынылды.

6.3 ҚАУЛЫ:

«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасындағы Оқу-әдістемелік кеңесінің сараптамасынан өткен «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының профессоры С.Жанпейісова мен аға оқытушысы Э.Қарабалинаның «Ғарифолла Құрманғалиевтің әншілік мектебі атты шығармашылығы, шәкірттері, естеліктер мен авторлық әндер жинағы баспадан шығаруға ұсынылсын.


7. Тындалды: Әртүрлі. Білім беру бағдарламаларының даму жоспарын орындау туралы (*Кафедра меңгерушілері*).

Сөйледі: «Арт-менеджмент», «Вокалдық өнер», «Дирижерлеу», «Дәстүрлі музыка өнері», «Аспаптық орындаушылық», «Музыкатану», «Композиция» білім беру бағдарлары бойынша кафедра меңгерушілері 2024-2027 жылдарға арналған білім беру бағдарламаларының дамыту есебі туралы баяндама жасады. Есеп хаттамаға қоса тіркеледі.

7. ҚАУЛЫ: Білім беру бағдарламаларының 2024-2027 жылдарға арналған даму жоспары бойынша 2024-2025 оқу жылының 1 жарты жылдығына арналған даму жоспары бекітілсін.

ОӘК төрайымы

Хатшы



Г. Әбдірахман



А. Машимбаева